

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Қазақстандықтардың 2024 жылдың 7 айындағы таза инвестициялық кірісі 1,38 трлн теңгеден асты

2024 жылдың 7 айында қазақстандықтардың таза инвестиациялық кірісі **1,38 трлн** теңгеден асты, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңдегі көрсеткіштен **619,3 млрд** теңгеге немесе **81,4%** артық.

2024 жылдың 7 айында БЖЗК-дағы міндettі зейнетакы жарналары (МЗЖ), міндettі кәсіптік зейнетакы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетакы жарналары (ЕЗЖ) есебінен қалыптасқан зейнетакы активтерінің кірістілігі осы кезеңдегі инфляция 4,7% болған кезде 7,51% көрсетті.

Егер зейнетакы активтерінің жылдық кірістілігін қарастыратын болсақ, онда ол 2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 12,72%, ал инфляция 8,6% болды.

2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша БЖЗК-ның жұмыс берушінің міндettі зейнетакы жарналары (ЖМЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетакы активтерінің кірістілігі – 2,53%.

Инвестициялық кіріс қаржы құралдары (бағалы қағаздар, салымдар және басқа операциялар) бойынша сыйақты түріндегі кірістерден, қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалаудан, сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістерден және т. б. тұрады. ҚР Ұлттық Банкі және инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) инвестициялық портфельді үнемі әртаратандырып отырады. Яғни зейнетакы активтері түрлі қаржы құралдарына, валюталарға инвестицияланып, нарықтағы жағдайға қарай үнемі қайта бөлініп орналастырылады. Мұндай әртаратандыру оң нәтиже беріп, орнықты инвестициялық кірістілікті қамтамасыз етеді.

Зейнетакы жинақтары - бұл ұзақ мерзімді инвестициялар. Сондықтан инвестициялық кірістің мөлшерін кем дегендे бір жылда талдаған жөн. Мәселен, жинақтауыш зейнетакы жүйесі құрылған 1998 жылдан бастап 2024 жылғы 1 тамызға дейінгі инвестициялық кірістілік өспелі қорытындымен 885,26% көрсетті. Бұл кезеңдегі инфляция – 794,46%. Осылайша, ұзақ мерзім ішінде жинақталған инвестициялық кіріс инфляциядан асып түсті.

Естерінізге сала кетейік, Қазақстанда инфляция деңгейін ескере отырып, міндettі зейнетакы жарналарының сақталуына бірегей кепілдік бар. Төлемдер құқығы басталған кезде салымшының жинақталған кірістілігіне әсер еткен жекелеген кезеңдегі кірістіліктің төмендеуі кезінде де айырмашылықты өтеуге мемлекет кепілдік береді.

Зейнетакы активтерін инвестиациялық басқару мен есепке алудың бүкіл жүйесі ашиқ: әрбір салымшының enpf.kz сайтындағы немесе ұялы қосымшадағы жеке кабинетінен өзінің инвестиациялық кірісін көруге мүмкіндігі бар.

БЖЗК зейнетакы активтерін инвестиациялық басқару және олар орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат Қордың (www.enpf.kz) ресми сайтындағы «Көрсеткіштер/Инвестициялық қызмет» бөлімінде жарияланады.

Көптеген маңызды және пайдалы ақпаратты, соның ішінде жинақтауыш зейнетакы жүйесі сарапшыларының зейнетакы активтерін инвестиациялау туралы сұхбаттарын - БЖЗК ЕНПФ YouTube-арнасынан көруге болады.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетакы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетакы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндettі зейнетакы жарналарын, жұмыс берушінің міндettі зейнетакы жарналарын, міндettі кәсіптік зейнетакы жарналарын, ерікті зейнетакы жарналарын тартууды, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндettі кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндettі кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік

берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған еркіті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алады, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алады жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).